

**PR ЖӘНЕ МЕДИА САЛАСЫНЫҢ КӘСІБИ МАМАНДАРЫ  
ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№ 2

7 ақпан 2026 жыл

**Өткізу орны:** «Spaces» БО, Congress Hall залы

**Өткізу уақыты:** басталуы – 11 сағат 00 минут; аяқталуы – 13 сағат 00 минут

**Қатысқандар:** Қауымдастықтың 98 мүшесі

**Жиналыс төрағасы:** Ақерке Берлібай

**Жиналыс хатшысы:** Бағлан Айдашов

PR және медиа саласының кәсіби мамандары қауымдастығының (*бұдан әрі – Қауымдастық*) Жалпы жиналысы Қауымдастықтың Құрылтайшылар кеңесі бастамасымен шақырылды.

Жалпы жиналыстың төрағасы Ақерке Берлібай қатысушыларға келгендері үшін алғыс білдіріп, Қауымдастықты одан әрі дамыту үшін Жалпы жиналысты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, ол бұл жиналыстың ашық диалог құру, идеялар алмасу және Қауымдастықтың даму бағыттарын бірлесіп айқындау мақсатында ұйымдастырылғанын жеткізді.

Сөз сөйлеу барысында алғашқы Жалпы жиналыстан бері Қауымдастық қатары шамамен 70 PR маманымен толыққанын, соның нәтижесінде бүгінгі таңда Қауымдастық мүшелерінің жалпы саны 300 адамға жеткенін атап өтті. Қауымдастықтың кәсіби қауымдастық ретінде дамуының оң серпіні және оның қызметіне деген қызығушылықтың артуы ерекше айтылды.

Жиналысқа қатысушыларға кворумның бар екені туралы хабарланып, осыған байланысты Жалпы жиналыс шешім қабылдауға өкілетті деп жарияланды.

Содан кейін төраға қатысушыларды Жалпы жиналыстың күн тәртібімен таныстырып, оны сол күйінде бекітуге шақырды.

**Күн тәртібі:**

- Қауымдастықтың 2026 жылға арналған басымдықтары мен жұмыс жоспарын таныстыру;
- Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері;
- Қауымдастық комитеттерінің жұмыс жоспарларын таныстыру;
- Мүшелік жарнаның мөлшері мен оны төлеу тәртібін анықтау;
- Қауымдастық мүшелігі туралы сертификатты алу тәртібі мен шарттары.

**ДАУЫС БЕРУ:**

«Қолдағандар» – бірауыздан;

«Қарсы болғандар» – жоқ;

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

**ШЕШІМ:** Жалпы жиналыстың күн тәртібін ұсынылған күйде бекіту.

**Бірінші мәселе бойынша:**

Қауымдастық төрағасы Ақерке Берлібайдың баяндамасы тыңдалды. Ол жиналысқа қатысушыларды 2026 жылға арналған Қауымдастықтың жұмыс жоспарының жобасымен, оның ішінде жұмыстың негізгі бағыттармен, стратегиялық бастамалармен және кәсіби қауымдастықты одан әрі дамытуға арналған басым жобалармен таныстырды.

Өз сөзінде ол жоспарланған іс-шаралардың Қауымдастықтың кәсіби беделін нығайту, PR саласындағы ықпалын кеңейту және оның мүшелері арасындағы өзара әрекеттесуді арттыру үшін маңыздылығын атап өтті.

**ШЕШІМ:** Қауымдастықтың 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын ұсынылған нұсқада бекіту және оны биылғы жылдың негізгі бастамалары мен жобаларын іске асырудың негізі ретінде қарастыру.

#### **Екінші мәселе бойынша:**

Қауымдастық Кеңесінің төрағасы Елена Пак сөз сөйлеп, International Public Relations Association (IPRA) мен PR және медиа саласының кәсіби мамандары Қауымдастығы (APRM) арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қатысты толық ақпарат берді.

Ол жасалған келісімнің коммуникация және PR саласында кәсіби стандарттар мен этикалық принциптерді дамытуға, сондай-ақ мамандардың халықаралық интеграциясын нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Келісім APRM-ді IPRA-ның ұлттық серіктес қауымдастығы ретінде ресми тануды көздейді және APRM туралы ақпарат IPRA сайтына орналастырылады. Сонымен қатар, Қауымдастық бұл мәртебені пайдалану құқығын алады және IPRA-ның негізгі халықаралық ресурстарына қол жеткізеді.

Халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жоспарланып отыр, оның ішінде APRM мүшелерін дамыту және Қауымдастықтың халықаралық мәртебесін арттыру мақсатында басқа халықаралық қауымдастықтармен өзара іс-қимылға назар аударылады.

**ШЕШІМ:** берілген ақпаратты назарға алу және Қауымдастықтың халықаралық ынтымақтастығын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

#### **Үшінші мәселе бойынша:**

Күн тәртібіне сәйкес комитет төрағалары тыңдалды, олар күнтізбелік жылдың соңына дейінгі кезеңге арналған комитеттердің жұмыс жоспарларын таныстырды.

Жұмыс жоспарларының таныстырылымымен сөз сөйлегендер:

- Олеся Колесниченко, Кәсіби құзыреттер мен стандарттар комитетінің төрағасы;
- Айнұр Исакова, Коммуникациялар саласындағы зерттеулер және талдау комитетінің төрағасы;
- Айнұр Жұмаділова, PR-кәсібінің мәртебесі мен беделі комитетінің төрағасы;
- Салтанат Әскербекқызы, Этика және өзін-өзі реттеу комитетінің төрағасы;
- Әлия Оразымбетова, Медиа және қоғаммен өзара іс-қимыл комитетінің төрағасы.

**ШЕШІМ:** Қауымдастық комитеттерінің ұсынылған жұмыс жоспарларын назарға алу және оларды белгіленген тәртіппен бекітуге жіберу.

#### **Төртінші мәселе бойынша:**

Қауымдастық төрағасы Акерке Берлібай сөз сөйлеп, жиналыс қатысушыларын жылдық мүшелік жарнаның мөлшерін белгілеу және оны төлеу тәртібі туралы ұсыныспен таныстырды. Мүшелік жарналар Қауымдастық қызметін қолдаудың және оның жоспарларын іске асырудың негізгі қаржылық көзі болып табылатыны атап өтілді.

Жиналыс қатысушыларына жылдық мүшелік жарнаның мөлшерін 75 000 теңге көлемінде бекіту бойынша дауыс беру ұсынылды.

#### **ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ:**

- «Қолдағандар» – 90,3%;
- «Қарсы болғандар» – 9,7%;
- «Қалыс қалғандар» – 0,0%.

**ШЕШІМ:** өткізілген дауыс беру нәтижесі бойынша жылдық мүшелік жарнаның мөлшерін 75 000 теңге көлемінде бекіту және оны төлеудің тәртібін ұсынылған нұсқаға сәйкес мақұлдау.

**Бесінші мәселе бойынша:**

Қауымдастық төрағасы Ақерке Берлібай жиналыс қатысушыларын Қауымдастыққа мүшелік туралы сертификатты алу тәртібі мен шарттарымен таныстырды. Сөз барысында сертификаттың үлгісі ұсынылып, оны Қауымдастықтың ресми сайты арқылы алу тәртібі түсіндірілді. Сертификатты алу үшін Қауымдастықтың барлық мүшелерінің электрондық поштасына жолданған жеке 10 таңбалы сәйкестендіру нөмірін (ID) енгізу қажет. Осыдан кейін сертификатты электрондық форматта жүктеп алу мүмкіндігі беріледі.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып болған соң, төрағалық етуші Жиналысты жабық деп жариялап, қатысушыларға белсенді қатысқандары және сындарлы жұмысы үшін алғыс білдірді.

Жалпы жиналыс төрағасы:  / Берлібай А.Б.

Жалпы жиналыс хатшысы:  / Айдашов Б.Б.